



БУЛАНДЫ АОРАРАТ



№ 12 (462)
21.03.2025



Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

Аудан әкімі А. Смайловтың Наурыз мейрамымен құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы бейбітшілік пен жақсылықты бейнелейтін қуаныш пен сүйіспеншілікке толы, терең философиялық мәні мен жалпы әлемдік мәдени маңызы бар мереке. Бұл мереке жаңа өмірдің жаңаруы мен пайда болу циклін білдіреді. Наурыз-бұл біздің бай рухани мұрамыздың, бірегей ұлттық кодымыздың және ұрпақтардың ажырамас байланысының жарқын символы. Наурыз мейрамы біздің өмірімізге жасампаздық пен дамудың жаңа энергиясын әкеледі, сонымен қатар, еліміздегі достықты, өзара сыйластық пен келісімді нығайтуға ықпал етеді. Халықтың бірлігі – біздің ең жоғарғы құндылығымыз.

Құрметті жерлестер!

Осы тамаша көктем мерекесі қарсаңында сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қуаныш пен береке тілейміз!



Дорогие жители нашего района!

От всей души поздравляю Вас с одним из самых ярких и долгожданных праздников - Наурызом! Это не только начало нового года по солнечному календарю, но и время обновления, гармонии и благополучия.

Наурыз объединяет нас, дает возможность взглянуть в будущее с надеждой и верой в лучшее. Пусть в этот светлый день в Вашем доме всегда будет уют, а сердца наполнятся радостью и любовью. Желаю Вам здоровья, счастья, благополучия и благоденствия! Пусть этот год принесет Вам множество приятных сюрпризов, успехов в делах и ярких моментов жизни.

С праздником, дорогие Буландынцы! Пусть Наурыз принесет в каждый дом тепло, свет и мир!

Н. СЕКСЕНОВ, председатель районного маслихата.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысына қатысты

Президент Көкше төріндегі құрылтайда осыдан үш жыл бұрын наурыз айында жариялаған Жолдауына сай жүргізілген қоғамдық-саяси реформаларға тоқталып, ел ішіндегі оң өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікір білдірді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай мүшелері тарапынан көтерілген қоғамдық әдепті реттеу; теріс ағымдар мен ұлттық болмысымызға жат идеологияларға, түрлі алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою; отандық кино және анимация өндірісіне идеологиялық тұрғыдан мән беру; әйелдер

колониясындағы жағдайды түзеп, қылмыстық-атқару жүйесіндегі заңнаманың жүкті немесе кәмелет жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қатысты тұсын қайта қарау, кәсіптік-техникалық колледждерді дамыту ісінде жаңа мамандықтарға сұраныс пен еңбек нарығындағы жағдайды ескеру секілді өзекті мәселелерге қолдау білдіріп, өз ойын ортаға салды.

Жалғасы 2 бетте.



В районной больнице открыли кабинет компьютерной томографии



сти успехов в труде.

Приобретение дорогостоящего современного медицинского оборудования стало возможным благодаря Национальному проекту «Модернизация сельского здравоохранения», в рамках которой, в первую очередь, уделяется внимание повышению качества медицинской помощи в сельской местности.

Новейшее диагностическое оборудование – большой шаг в развитии медицины района. Все эти меры направлены на обеспечение доступности и своевременности оказания необходимой медицинской помощи, удовлетворенности пациентов, что в конечном итоге, приведет к укреплению здоровья граждан, качеству и продолжительности жизни населения.

Преимуществом компьютерного томографа являются: возможность получения локальных данных по конкретным органам, высокая точность диагно-

стики, безболезненность. Обширная зона покрытия – можно одновременно обследовать несколько участков тела или органов.

В Буландынской районной больнице состоялось важное событие – был открыт кабинет компьютерной томографии. Поздравили с этим событием руководство больницы и побывали на церемонии открытия глава района Ардак Смаилов, депутат областного маслихата Клара Мендыбаева, руководители районных организаций. Гости ознакомились с кабинетом, пожелали медицинской общественно-

сти, безболезненность. Обширная зона покрытия – можно одновременно обследовать несколько участков тела или органов.

«Мощность компьютерного томографа 64 среза, фирмы «Philips», стоимость оборудования 550 млн тенге. Открытие и запуск компьютерного томографа в Буландынской районной больнице, позволит обслуживать население и близлежащих районов области. Раньше жителям района приходилось ездить в областной центр и в г.Щучинск, стоять в очередях, чтобы пройти необходимое обследование. Теперь КТ диагностику можно пройти, не выезжая за пределы Буландынского района. Я хочу выразить огромную благодарность руководству области и управления здравоохранения за то, что они нас поддержали и помогли ускорить открытие данного кабинета» - отметила заместитель главного врача центральной районной больницы Торгай Садвакасова.

Стоит отметить, что проводить КТ-исследования будут специалисты лучевой диагностики. Все они прошли обучение и имеют лицензии. Услуга будет оказываться бесплатно в рамках ГОБМП и ОСМС, а также на платной основе.

А. АМАНЖОЛОВА.
Фото А. КАЛИЕВОЙ.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Шыдамды еңбегімен құрметке бөленуде

Халықта ешбір адал еңбек ескерусіз қалмас деген сөз бар. Яғни, бар ықылас-ынтасымен еңбегін тиянақты атқарған адам жетістіктерге жетуімен қатар, елдің құрметіне бөленері сөзсіз.

Жастайынан еңбекке жақын тұрып, үй шаруасына бала кезінен етене араласқан біздің бүгінгі мақаламыздың кейіпкері Мұратхан Аманбай – еңбек адамы атағына ие тұлға. Қазіргі таңда ол Макинск қаласындағы Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейінің дала сынырушысы. Өз ісіне жауапты, барлық шаруаны уақытылы әрі сапалы орындайды. Мектепте жұмыс жасап жүргеніне он жылдан асты, осы уақыт ішінде мектеп әкімшілігі оның жұмысын жақсы бағалап келді, себебі, өзіне жүктелген міндетті Мұрат Аманбай тиісті деңгейде орындап, мектептің айналасын тап-таза күйде ұстауда. Сондай-ақ, мектептің ғимараты қаламыздың дәл ортасында орналасқандықтан, тұрғындардың назары сыртқы тазалыққа болатыны аян.

Мұратхан Аманбай – көпбалалы отбасында дүние келген. Әкесі ерте дүниеден

өткен екен, 8 баламен жесір қалған анасы тағдырдың жазған барлық ауыртпалығын абыроймен арқалап, балаларын тегіс жеткізген. Балалардың бәрі бір-біріне жақын, еңбекқор, адал болып өсті. Мұратхан ағамыз үй шаруашылығына қатысты қандай да жұмысты дөңгелетіп әкететін қабілеті бар. Темірмен де, ағашпен де жұмыс жасай алады, құрылыстан да хабары бар. Ең бастысы – тапқан нәпақасына шүкіршілік етіп, отбасын асырып отырған отбасының тірегі. Биылғы жылы мектеп-лицейде күрделі жөндеу жүргізілмек, осы орайда Мұрат ағаның жұмысқа деген ынтасы, шаруашылық жұмыстарға икемдігі ауадай қажет болмақ, - дейді мектеп директоры Азамат Қуанышев.

Президенттің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған бастамасы арамыздағы осындай қарапайым еңбекқор жұмысшылардың беделін арттырып, мерейін тасытып, еңбегін дәріптеп, алғыс айтуға, сонымен қатар, әрбір кәсіптің құрметке лайық екенін көрсетуге тамаша мүмкіндік берді.

Өз жұмысын сапалы орындап жүрген жұмысшы Мұратхан ағамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық, бейнетінің зейнетін көруге тілектеспіз!

А. АМАНЖОЛОВА.



Темір жол саласының жас қызметкері

Елімізде жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» - жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған.

Бүгін біздің айдарымыздың кейіпкері - Жайық Азаматұлы Баранбаев, Жайық Азаматұлы 2002 жылы 27 сәуірде Макинск қаласында дүниеге келген. 2024 жылдан бастап «Макинск» станциясында поездар құраушы лауазымында жұмыс істейді.

Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысына қатысты

Жалғасы. Басы 1 бетте.

Мемлекет басшысы ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарды дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстың кемшін тұстарына назар аударып, ішкі саясаттағы ауқымды идеологиялық жұмысты жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат әзірлеуді тапсырды.

Сонымен қатар Президент ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқаратынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде театр өнеріне деген

қызығушылық өсіп келе жатқанын алға тартып, өңірлердегі театрларды дамытуға әрі бұл іске бизнес өкілдерін белсенді атсалысуға шақырды. Сондай-ақ Абай Құнанбайлының 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай институтын Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты халықаралық деңгейдегі мәдени-ағарту мекемесіне айналдыру үшін Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар» қорына Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, шетелде осындай орталықтар ашу бойынша тиісті жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Бұдан бөлек, Президент Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының

бастамаларын қолдау, құжат түріндегі мұраларымызды ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу, төл болмысымыз бен мәдениетімізді айшықтайтын ұлттық цифрлық мұрағатты жасанды интеллект жүйелеріне кіріктіру, тарихи зерттеулерді жандандыру міндеттерін айқындады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жұртшылық алдындағы сөзінің бір бөлігі елімізде жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға арналды.

Президенттің айтуынша, мемлекеттің ең басты міндеті – аймақтардың

экономикалық өсіміне түрткі болатын және өңірлердің дамуындағы теңсіздікті жоятын бастамаларға баса мән беру. Бұл ретте биыл экономиканың нақты секторын қаржыландыру көлемі екі есе, яғни 8 триллион теңгеге дейін ұлғаймақ. Президент өңірлердегі білім беру, денсаулық сақтау, туризм және спорт салаларын дамыту жобаларына кеңінен тоқталып, оларды уақтылы әрі сапалы жүзеге асыру маңызды екенін ескертті.


Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, жаһанда жүріп жатқан үдерістерге шолу жасап, Қазақстанды кез келген сын-қатерге

төтеп бере алатын қуатты мемлекетке айналдырудың қамы жөнінде ой толғады.

Президенттің пікірінше, еліміз тәуелсіздіктің 40 жылдығына қандай қандай жетістікпен жететінін, оған дейін қандай тарихи міндеттердің орындалуға тиіс екенін нақты білу маңызды. Бұл ретте Мемлекет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллектіні, энергетика, агроөнеркәсіп секторын және адам капиталын Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлары ретінде атады.

akorda.kz.

Наурызанама - 2025



ДЕПУТАТТЫҚ БЕТ – СТРАНИЦА ДЕПУТАТОВ

Өзара әрекеттестік және жұмыстың тиімділігін арттыру

Аудандық мәслихаттың 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес кезекті сессиясында екі негізгі мәселе тыңдалды. Бұланды ауданының әкімі Ардақ Смайылов өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы баяндама жасады. Өз баяндамасында ол өткен жылы атқарушы органның алдында тұрған негізгі жетістіктер мен орындалған міндеттерді атап өтті. Сондай-ақ, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға, әлеуметтік қолдау мен экономикалық дамуға бағытталған 2025 жылға арналған жұмыстың негізгі бағыттары белгіленді. Жергілікті тұрғындармен өзара іс-қимылды нығайтуға және мемлекеттік құрылымдар жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты бастамалар айтылды.



Баяндаманы талқылау мақсатында «ХПП Арна» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Клара Мендыбаева, аудандық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы филиалының төрайымы Раушан Хожабай сөз сөйлеп, әлеуметтік саланы және экономикалық қатынастарды дамытуға бағытталған бағдарламаларды іске асыру бойынша аудандық әкімдіктің жүргізіліп жатқан жұмысын атап өтті. Макинск қаласының ғимараттары мен құрылыстарының сыртқы келбетін, сәулет стилін бақылауды жүзеге асыру мәселесі бойын-

ша сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Гүлнәр Жақыпова сөз сөйледі. Сонымен қатар, қаланың архитектуралық стилін сақтау, қалалық ортаны жақсарту, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы жағдай жасау мәселелері қаралды. Қаланың эстетикалық қабылдауын жақсартуға, оның тарихи және мәдени мұрасын сақтауға баса назар аударылды. Аталған мәселе бойынша қосымша баяндаманы қала әкімінің м.а. Мурат Исмағамбетов жасады.

Кезекті сессия барысында депутаттар депутаттық сағатта қаралған мәселелер бойынша бірауыздан шешім қабылдады.

Сессияға аудан басшылығы, әкімінің орынбасарлары, облыстық мәслихат депутаты, құқық қорғау органдарының басшылары, ауылдық округтердің әкімдері, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, бөлім басшылары, білім беру жүйесінің басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен өз мәресіне жетті.

Аудандық мәслихатының аппараты.
* * *

Укрепление взаимодействия и повышение эффективности работы

На очередной сессии районного маслихата, в работе которой приняли участие аким района, заместители, депутат областного маслихата, руководители правоохранительных органов, акимы сельских округов, руководители учреждений и организаций, руководители отделов, руководители системы образования, представители средств массовой информации, согласно плану работы на 2025 год были заслушаны два основных вопроса. С докладом о выполнении возложенных на него функций и задач выступил аким Буландынского района Ардақ Смайлов. В своем отчете он отметил основные достижения и выполненные задачи, стоявшие перед исполнительным органом в прошедшем году. Также были обозначены ключевые направления работы на 2025 год, направленные на улучшение качества жизни жителей района, развитие инфраструктуры, социальную поддержку и экономическое развитие. Прозвучали инициативы, касающиеся укрепления взаимодействия с местными жите-

лями и повышения эффективности работы государственных структур.

Содокладчиками главы района выступили директор ТОО «ХПП Арна», депутат областного маслихата Клара Мендыбаева, депутат районного маслихата, председатель филиала партии «AMANAT» Раушан Хожабай, которые отметили проводимую целенаправленную работу районного акимата по реализации программ, направленных на развитие социальной сферы и экономических отношений.

По вопросу осуществления контроля за внешним видом зданий и сооружений, архитектурный стиль города Макинск выступила Гулнара Джакупова, руководитель отдела архитектуры и градостроительства. В ходе выступления были рассмотрены вопросы сохранения архитектурного стиля города, улучшения городской среды, а также создания комфортных условий для жителей и гостей города. Внимание было уделено улучшению эстетического восприятия города, поддержанию его исторического и культурного наследия. Содокладчиком по данному вопросу выступил и.о. акима города Мурат Исмағамбетов.

В ходе очередной сессии депутатами были приняты единогласные решения по вопросам рассмотренным на депутатском часе.

На сессию были приглашены аким района Смаилов Ардақ Дулатович, Аппарат районного маслихата.

Аппарат районного маслихата.



Барлық мәселелер қатаң бақылауда

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысында ағымдағы кезеңдегі маңызды мәселелердің бірі, атап айтқанда «Ауданның 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығы туралы» сұрағы қаралды. Отырысқа аудан әкімінің орынбасары О. Смағұлов, қала әкімінің м.а. М. Исмағамбетов, Бұланды ауданы ТЖБ бастығы С. Бапишев, аудан әкімі аппаратының АҚ және ТЖ жөніндегі бас инспекторы Т. Оразбаев қатысты.

Кешенді жоспарды орындау бойынша аудан аумағында 13 елді мекенде 23 іс-шара орындалды: арық жүйелерін тазарту, тереңдету және орнату - 6.6 км, қорғаныш үйінділерін орнату - 2.3 км, су өткізу құрылыстарын жайластыру - 16 дана.

Бүгінгі таңда қала аумағынан қар шығару жұмыстары жүргізіліп

жатыр, су өткізу құрылыстары тазартылуда.

Аудан әкімі аппаратының ТЖ бас инспекторы атқарылған жұмыстар туралы, атап айтқанда: елді мекендерді инженерлік қорғау жөніндегі кешенді жоспарды орындау шеңберінде атқарылған жұмыстар туралы, арық жүйелерін тазарту, арықтарды кеңейту және тереңдету, жағалау сызықтарын сүйреу бойынша 23 жоспарланған іс-шаралар туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, баяндама барысында аудан бойынша гидротехникалық құрылыстар бойынша жалпы ақпарат берді.

Тұрақты комиссияның отырысы барысында аудандық мәслихат депутаттары қала және ауылдық округтер бойынша бірқатар өзекті проблемалық сұрақтар қойып, жауапты құрылымдардың басшыларына ұсыныстар енгізді.

Отырыс қорытындысы бойынша әкімшілерге орындау үшін қаулылар мен ұсыныстар жіберілді. Жұмыс жалғасуда.

Аудандық мәслихаттың аппараты.
* * *

Оперативность – превыше всего

На заседании постоянной комиссии районного маслихата был рассмотрен один из немаловажных вопросов на текущий период - ход подготовки района к паводковому периоду 2025 года.

В заседании приняли участие заместитель акима района О. Смағұлов О.К., и.о. акима города – М. Исмағамбетов, начальник ОЧС Буландынского района С. Бапишев, главный инспектор по ГО и ЧС аппарата акима района Т. Оразбаев.

По исполнению Комплексного плана, на территории района было выполнено 23 мероприятий в 13 населенных пунктах: очистка, углубление и устройство арычных систем - 6.6 км, устройство защитного обвалования - 2.3 км, обустройство водопропускных сооружений -

16 шт. проинформировал в ходе доклада начальник ОЧС.

На сегодняшний день с территории города производятся работы по вывозу снега, очищены водопропускные сооружения. Главный инспектор ЧС аппарата акима района выступил с докладом о проделанной работе, в частности: о проделанной работе в рамках исполнения комплексного плана по инженерной защите населенных пунктов, а именно 23 запланированные мероприятия по очистке арычных систем, расширению и углублению арычков, обваловке береговых линий. Также в ходе доклада проинформировал по гидротехническим сооружениям по району в целом.

В ходе заседания постоянной комиссии депутатами районного маслихата были заданы ряд актуальных проблемных вопросов по городу и сельским округам, были внесены рекомендации руководителям ответственных структур.

По итогам заседания направлены постановления и рекомендации администраторам для исполнения. Работа продолжается.

Аппарат районного маслихата.



Ауданның дамуы – басты назарда

Аудандық мәслихатта өткен депутаттық сағатта 2025 жылға жоспарланған Бұланды ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты маңызды мәселелер қаралды.

Бұланды ауданында 2025 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарна ставкаларын бекіту мәселесі бойынша кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Қабдулов баяндама жасады. Ұсынылған ставкалар және олардың аудандағы туристік саланың дамуына әсері талқыланды.

Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Валентина Гылка 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджетке өзгерістер енгізу мәселесі бойынша тыңдалды. Депутаттар қаржы ағындарын

ортайландыруға және ауданның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған аудандық бюджеттегі өзгерістерді қарастырды.

Отырыс барысында депутаттар жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің, атап айтқанда «Тілдерді дамыту

орталығы» КММ және «Жастар ресурстық орталығы» КММ қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарын айқындау жөніндегі жобаны тыңдап, мақұлдады. Осы мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Исмағамбетова сөз сөйледі.

Аудандық мәслихатының аппараты.
* * *

Развитие района – в центре внимания

В районном маслихате состоялся депутатский час, на котором были рассмотрены важные вопросы, касающиеся социально-экономического развития Буландынского района в 2025 году.

С докладом по вопросу

утверждения ставок туристского взноса для иностранцев на 2025 год в Буландынском районе выступил руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов. Были обсуждены предложенные ставки и их влияние на развитие туристической отрасли в районе.

Руководитель отдела экономики и финансов Валентина Гылка была заслушана по вопросу внесения изменений в районный бюджет на 2025-2027 годы. Депутатами рассматривались изменения в районном бюджете, направленные на оптимизацию финансовых потоков и обеспечение устойчивого развития района.

В ходе заседания депутатами был заслушан и одобрен проект по определению порядка и условий установления за счет средств местного бюджета стимулирующих надбавок к должностным окладам работников организаций, финансируемых из местного бюджета, а именно КГУ «Центр развития языков» и КГУ «Молодежный ресурсный центр». По данному вопросу выступила заместитель акима района Кенжебике Исмағамбетова.

Аппарат районного маслихата.



АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Вопрос мобилизационной подготовки – в приоритете

С 11 по 14 марта 2025 года в Буландынском районе проходило изучение военно-обязанных и автотранспортной техники, предназначенной в подразделении территориальной обороны акимате Буландынского района.



Изучение провела комиссия с войсковой части 99265 (бригада территориальной обороны) майором Есжановым Мереке Шортанбаевичем и сотрудниками Объединённого отдела по делам обороны и района Біржан сал и советником акима по мобилизационной подготовке и территориальной обороны Буландынского района Асем Темирхановой.

В изучении принял участие заместитель акима района Ораз Смагулов.

На территории района проверялись особо важные объекты и коммуникации, подлежащие охране и обороне, а также военнообязанные были вызваны для личной беседы в акимат района согласно



графику изучения.

Комплекс мероприятий направлен на оценку мобилизационной готовности и мобилизации в районе согласно нормам Закона.

А. АМАНЖОЛОВА.

Гражданское общество в обеспечении общественного порядка

За стройкой Курылтая

Тесное взаимодействие власти и общества способствует оперативному и эффективному решению актуальных проблем. Отрадно, когда обычные граждане, которые являются патриотами своей малой Родины, неравнодушными жителями района, принимают активное участие в обеспечении общественного порядка.

Отделом полиции района такие граждане поощряются, что дает дополнительную мотивацию активистам. На прошлой неделе в районном маслихате начальник местной полицейской службы Отдела полиции Буландынского района, подполковник полиции Ернар Каиржанов представил материалы для поощрения граждан, участвующих в охране общественно-

го порядка и общественной безопасности на территории района. Это Антон Кляйн из села Капитоновка и Анатолий Худяков из села Вознесенка.

За отчетные периоды времени эти граждане на постоянной основе привлекались на совместное дежурство вместе с участковыми инспекторами полиции, совместно проверяли подучетный контингент, выявляли административные правонарушения. В период проведения праздничных мероприятий все общественные помощники, совместно с участковыми инспекторами полиции проводили патрулирование в вечернее время суток в целях профилактики преступлений и правонарушений.

За отчетный период на территории Вознесенского и Капитоновского сельских округов

каких-либо преступлений не зарегистрировано. Общественные помощники помогают участковым проводить профилактическую работу, дежурят в общеобразовательных учреждениях во время проведения праздничных мероприятий.

Таким образом, налицо положительный результат совместной работы местной полиции и общественных помощников, который может стать примером для других. Ведь общественная безопасность и мирный сон земляков – задача, важная не только для государственных органов, но и каждого неравнодушного жителя района.

На заседании вопрос о поощрении Антона Кляйна и Анатолия Худякова был одобрен единогласно.

А. АМАНЖОЛОВА.

«Сердало» продолжает собирать урожай побед

На прошлой неделе ингушский народный ансамбль «Сердало», в составе старшей группы Анны Петровской, Анастасии Власовой, Валентины Харьковской, Даяны Габдулиной, Варвары Лысенко, Елизаветы Дерманской, Карины Абашкиной и Ольги Атави-

ной, посетил престижный Международный конкурс «ПРО ТАНЦЫ КЗ» совместно с проектом «I love dance» в городе в Павлодаре. И вновь получил на этом конкурсе самую высокую награду – Гран-при!

Нас оценивали наряду с крупными, сильнейшими коллективами и мы ничуть не отставали от них. Хотя борьба за первенство была очень напряженной и волнительной, очередная победа стала достойной.

Народный танец – это, действительно, важная часть нашей культуры. Это общение человека с окру-

жающим миром без слов и вот такая яркая хореографическая композиция «Горянки» была представлена всем гостям и составу жюри. И наши стройные девушки, как лебединый стан, взмахнули руками и грациозно закружились в танце. Зрители встретили нас очень тепло, поддержав бурными аплодисментами.

Всем участницам выражаем огромную благодарность за активное участие в Международных конкурсах и в мероприятиях, посвященных знаменательным датам.

От всей души поздравляем с этой заслуженной наградой всем большое спасибо и продолжайте так же радовать своего зрителя.

Хотим сказать огромное спасибо директору районного Дома культуры Алишеру Жанибековичу Кенжегалиеву за помощь, поддержку и внимание.

Р. ГАГИЕВА, руководитель ингушского народного ансамбля «Сердало».



Буланды ауданында су тасқынына қарсы штаб жұмыс жасауда

Құрметті Буланды ауданының тұрғындары мен қонақтары!

2025 жылдың көктемгі кезеңіндегі ықтимал төтенше жағдайларға жедел ден қою және шұғыл шаралар қабылдау мақсатында Буланды ауданы әкімдігінің жанынан су тасқынына қарсы жедел штаб құрылып, ағымдағы жылдың 17 наурызынан бастап тәулік бойы жұмыс істеп тұр.

Барлық сұрақтар бойынша 8-716-46-2-12-92 телефоны бойынша хабарласуға болады.



В Буландынском районе работает противопаводковый штаб

Уважаемые жители и гости Буландынского района!

В целях оперативного реагирования и принятия экстренных мер на возможные чрезвычайные ситуации весеннего периода 2025 года, при акимате Буландынского района создан оперативный противопаводковый штаб, который в период паводковой ситуации работает с 17 марта текущего в круглосуточном режиме.

По всем вопросам обращаться по тел.: 8-716-46-2-12-92.

«Атама арнау»

Жүзге жақын таяған атам Ермек,
Әрбір жерде ел сыйлар бата бер деп.
Ақын ата тілеймін аман-есен,
Жүзден асып жыр жазып жата бер деп!
Қасыңызда аяулы тәтем Бақыт,
Өлеңнің қызығына әбден батып.
Тоқсан беске дейін жарың сусындаған,
Өлең-жыр осыншама тәтті ең на ғып?!
Менің де, сіздің де жыр бағытымыз,
Ақтарыңыз әлі де жыр ағытыңыз.
Ақынға ақын өлең арнағанда,
Шарықтап шалқиды екен шабытымыз.
Орындалып парызбен сүннетіміз,
Саллалаху әлейхи уа саллам үмбетіміз.
Жұма оқыдық сізбенен мешітке де,
Ерекеңе ерекше құрметіміз!
Ақсақалым, айбыным, арысым-ай,
Сіздегі өнер жастарға дарысын-ай.
Ғасыр жаса Ермек ата Қаратаев,
Тойыңыз да би-билеп ән айтайық!



Арнауның авторы Серікжан Сағидолла.

Мәдени мұра – ұлт қазынасы

Бурабайда өткен IV Ұлттық Құрылтайда Мемлекетіміздің Президенті Қ.Тоқаев тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру, жүйелеу жұмыстары туралы атап өтті. Ескерткіштер – ел тарихы немесе тарихи-мәдени мұра халық тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді.

Сонымен қатар, елімізде Наурыз мерекесі тойлау Наурызнама онкүндігі аясында, 19 наурыз - Жаңару күні шеңберінде тарихи-мәдени ескерткіштеріне тазарту жұмыстарын жүргізді.

Мәдениет саласындағы әлеуметтік жобалар, мерекелік шараларға байланысты белсенділік танытып жатқан барша жерлестерімізге алғыс айтамыз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл!

Буланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі.



АДАМИ КАПИТАЛ – ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ

Өз ісінің кәсіби шебері

Еңбек адамы

«Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзінің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе» деген екен жазушы Зейнолла Қабдолов. Ауданның білім саласында өз орнын тапқан, жиырма бес жылдық еңбек өтілі бар өз ісінің адал шебері, мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерген жауапты тұлға, дәстүрлі «Еңбек адамы» айдарымыздың кейіпкері – Бұланды ауданы Макинск қаласы «Балдырған» бөбекжайының әдіскері Зейни Құттыбекқызы Нурғалиева.

Зейни Құттыбекқызы - Ақмола облысы, қазіргі Біржан сал (Еңбекшілдер) ауданы Сауле ауылының тумасы. Қазақтың пейілді кең, даласы жазық, ауасы аңқыған, қазақтың рухы асқақтаған ауылында, берекелі отбасында тәрбиеленіп, бар болмысы қазағым деп жалындап тұрған жас Зейни болашақ мамандық таңдауда нақты шешімге

бірден келген екен.

- Жалпы білім саласын, педагог мамандығын таңдауға түрткі болған жайт - бастауыш және орта білім берген мектебіміздің тәжірибелі де ұлағатты ұстаздардың ықпалы өте зор болды, - дейді өз сөзінде Зейни Құттыбекқызы. Соларға балалық шақтан еліктеп, сол кісілер сияқты ортада сыйлы болу, білімді, жан-жақты, өз ісінің кәсіби шебері болуға ұмтылған екен. Олар тек біліммен ғана емес, өмірлік құндылықтармен де тәрбиелеп, жақсы үлгі көрсете білген ұлағатты мамандар болса керек. Әсіресе, олардың адалдығы, еңбекқорлығы, адамгершілігі мен кәсіби шеберлігі болашақ мамандық иесін терең ойландырып, ұстаз болуға деген қызығушылығын арттырды. Кейіпкеріміз үлгі бола білген ұстаздарындай тек білімді болуға ғана емес, сондай-ақ қоғамға пайдалы, жауапкершілігі мол адам болуға да ниеттенген екен. Міне, осылай, ұстазға деген құрмет нақты мақсатты белгілеуге себеп болып, өмірлік іске айналған екен.

Зейни Құттыбекқызы мектептен кейін Щучинск қаласындағы педагогикалық

колледжің бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тамамдады. Кейін орта кәсіби білімін Арқаның сұлу кербез Көкшетауындағы Шоқан Уалиханов атындағы университетінде тарих және география пәні мұғалімі мамандығы бойынша жалғастырып, жоғары білімі туралы құжатты қолына алған еді. Ал екінші жоғары білімін Көкшетаудағы Абай Мырзахметов атындағы университетінде мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі мамандығы бойынша алды.

Студенттік өмірді артқа тастап, жас маман атанған Зейни Құттыбекқызы алғашқы еңбек жолын 1999 жылы қазіргі Бұрабай ауданы Қарағай ауылында бастауыш сынып мұғалімі ретінде бастап кетті. Бала жанының бағбаны болуғаасқан жауапкершілік пен шыдамдылықты талап ететінін түсінген маман өзіне жүктелген кәсіби міндеттерді аса тиянақтылықпен орындап, алдына келген әр үйдің еркесін өзіне тапсырылған аманаттай қабылдап, білімі мен тәрбиесін, жан жылуын аямады. Кейін тарих және география пәні мұғалімі болып бірнеше жыл қызмет етті. Бұл жолда да өз жұмысын адал атқарып, ұстаздық етудің басты мақсаты – сапалы білім беру деген ұғымды алдына қойған ұстаз ауыз толтырып айта алатындай жетістіктерге жете білді. Оған дәлел – бірнеше «Алтын белгі» иелерін дайындап шығаруы.

2007 жылы Зейни Құттыбекқызы мектепке жасаған жұмысына, алған тәжірибесіне шүкіршілік айтып, мектепке дейінгі білім беру саласына келді. Щучинск қаласындағы «Ақбота» балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс атқарып, 2010 жылдан бастап - «Балдырған» бөбекжайында ашылғаннан бері - 15 жылға жақын уақыт әдіскер болып қызмет етуде.

Еңбек қоржыны озық тәжірибемен, әріптестермен өзара қарым-қатынас құру

әдістерімен ғана емес, әртүрлі деңгейдегі марапаттармен толықты. Атап айтқанда: Бұланды ауданы білім бөлімінің Грамоталары, Бұланды ауданы, Бұрабай ауданы әкімдерінің Алғыс хаттары, Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік кабинетінің Грамотасы, ҚР оқу-ағарту министрлігінің Құрмет Грамотасы. Ал 2024-2025 оқу жылында облыстық деңгейде бірнеше жылғы іс-тәжірибесін жалпылап, облыстың 5 ауданында таратты.

Әдіскер – балабақшадағы маңызды тұлға, Бұл жұмыстың ерекшелігі, қиыншылықтары және қызықты тұстары өте көп және әрқайсысы өз алдына жеке бір дүниені құрайды. Зейни Құттыбекқызының алдына педагогикалық тәжірибесі мен білім деңгейі әртүрлі тәрбиешілер, педагогтер келеді. Кейбір тәрбиешілер көп жылдық тәжірибесі бар мамандар болса, ал басқалары – жаңадан келген жас мамандар. Сондықтан, Зейни Құттыбекқызы олармен жүргізетін жұмысына ерекше мән береді, олардың әрбіреуіне жол тауып, жеке ерекшеліктерін ескеріп, әрбір тәрбиешінің жұмысын бақылап, олардың кәсіби біліктерінің өсуіне, педагогикалық дағдыларының дамуына және балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыруға көп үлес қосатын, түрлі әдістемелік көмектерді кәсіби түрде дұрыс көрсете білетін маман.

Ұстаз үнемі ізденіс үстінде болуы керек деген ұғымды толық ұстанатын Зейни Құттыбекқызы жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, өзінің білімі мен біліктілігін де арттырып тұрады. Жылдар зымырап өткен сайын, оның кәсіби шеберлігі жылдан-жылға артып келеді. Уақыт талабына сай болу, бәсекеге қабілетті болу үшін, білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделу мақсатында Зейни Құттыбекқызы тұрақты түрде білімін жетілдіріп келеді. Себебі, жаһандану



дәуірінде бәсекеге қабілетті білімді және күзретті өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындату және бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіру әрбір ұстаздың кәсіби миссиясы.

Жұмыста әр үйдің тәтті кенжесіне көңіл бөле білген әдіскер маман өз шаңырағында да аяулы ана, отбасының мейірімді ұйытқысы. Отбасы – оның тірегі мен мақтанышы, қызығы мен жұбанышы. Қырмызыдай құлпырған үш қызды дүниеге әкеліп, жолдасымен бірге тату-тәтті отбасыда балаларына тәлім-тәрбие беріп отырған қазақтың дана келіні.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» десек, зерделі білім мен парасатты тәрбие саласындағы Зейни Құттыбекқызының көп жылдық еңбегі көпке үлгі болары даусыз. Ширек ғасырлық уақытты жүрегінің қалауымен таңдаған сүйікті ісіне арнаған біздің кейіпкерімізге, қоғамның нәзік жанды, қайсар рухты, адал ниетті мүшесіне алдағы еңбегінде толағай жетістіктер, зор денсаулық, отбасылық амандық тілейміз. Осындай дара жолды, сауатты, парасатты, жауапты мамандар – бір саланың ғана емес, аудан мақтанышы!

А. АМАНЖОЛОВА.



Девушка из ночного десанта

На окраине поселка Угледар, что вблизи города Донецка, на мемориальной стене возвышается символ воинской доблести - штук. На доске отлиты слова: «31 мая 1943 года на этой земле храбро сражалась, и героически погибла группа десантов штаба партизанско-

го движения на Южном фронте». Среди 13 фамилий названа и Нина Ивановна Ващинкина, бывшая медсестра села Партизанка Макинского района Целиноградской области (ныне Буландынского района Ақмолинской области).

Нина Ващинкина родилась в 1922 году в хуторе Ващинкине Сумской области в многодетной крестьянской семье. После школы поступила в медицинскую школу и по распределению попала в село Вознесенка Макинского района, оттуда была направлена в село Партизанка. В 1940 году Нина вступила в ряды ВЛКСМ, а в декабре 1941 года добровольно уехала на фронт. Односельчане вспоминают, что Нина была

добрый и отзывчивой девушкой. Когда Нина погибла, ей было всего 20 лет. Но до сих пор жива она в сердцах людей, кто близко ее знал в селе Партизанка. Нину Ващинкину знали старожилы - бывший председатель сельсовета Григорий Матвеевич Черевков, Ольга Степановна Казакова, Надежда Константиновна Грачева, Петр Матвеевич Черевков.

Ольга Степановна Казакова рассказывала: «Нина жила на квартире у моей тети Марии Казаковой. Тетя жила одна, детей у нее не было, вот и взяла к себе молодую девушку на квартиру. Рядом с домом были большие вербы, Нина любила бродить среди них. В любое время

сутки она шла на помощь к людям, которые нуждались. Лечила не только лекарствами, но и своей добротой, отзывчивостью. Она очень скоро стала на селе своим человеком. Сельчане долго не знали, куда она уехала во время войны, только догадывались, что на фронт. Теперь мы знаем все. Наше село до революции называлось Царицыно. В годы войны оно внесло большой вклад в борьбу с контрреволюционным отребьем и стало называться Партизанкой. Наша односельчанка Нина Ващинкина в годы войны тоже стала партизанкой, дополнив боевую славу сельских патриотов.

Ш. АСКАРОВА, библиотекарь Партизанской сельской библиотеки.



Қасиетті айдағы Ораза - қайырымдылық пен рухани тазалықтың, сабыр мен тәртіптің айғағы

“Рамазан айында жасалған бір игі іс басқа айларда жасалған жетпіс игі іске тең” (Хадис).

Ораза — Ислам дініндегі маңызды ғибадаттардың бірі, мұсылмандардың жылына бір рет өткізетін айрықша рухани тәжірибесі. Ораза әркім үшін әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін, бірақ оның негізгі мақсаты — кемелдену, өзін-өзі бақылау және өзгелерге жақсылық жасауға ұмтылу. Бұл ғибадаттың мәні — тек тамақтан және сусыннан бас тарту емес, ол адам болмысын жаңартып, өзін-өзі бақылауға, сабыр мен шыдамдылыққа тәрбиелейді. Адамның тәнін ғана емес, жаны мен жүрегін де тазартуға бағытталған. «Аштық пен шөлдеудің мәні жанды асылдандыру мен жүректі жұмсартуда», — деп нақты айтылған.

Оразаның адам денсаулығына да пайдасы мол екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ол ас қорыту жүйесін

демалдырып, ағзадағы токсиндердің шығуына ықпал етеді. Дұрыс және уақтылы тамақтану арқылы адам организмін нығайтып, иммунитетін күшейтеді. Ораза ұстаушы адам таңғы уақытта жеңіл ас ішуі мен кешкі уақытта тамақтанудың тәртібін сақтай отырып, денсаулығын қорғауға көңіл бөледі.

Оразада ауыз ашу — үлкен мәнге ие. Ораза ұстаушылар кешкі уақытта отбасымен, туыстарымен және достарымен бірлесіп, қуанышты сәттерін бөліседі. Бұл кештерде тек тамақтану ғана емес, ең бастысы – адамдар арасындағы бауырмалдық пен ынтымақтастық нығаяды.

“Рамазан айында жасалған бір игі іс басқа айларда жасалған жетпіс игі іске тең”- демекші, осы айдағы жасалған қайырымдылық — адамгершіліктің белгісі, бұл игі іс өзара көмек пен мейірімділікті нығайтып, қоғамда татулық пен бірлікті қалыптастырады.

Осыған орай біз де башымыз Касенов Болат Нығметжанұлының

бастамасымен Рамазан айында қайырымдылық жасауды жөн көрдік. Ұжымымыз Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, №4 арнайы мектеп-интернаты» оқушыларымен облыстық жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Көкшетау қаласы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» балаларына қажетті тұрмыстық құрал-жабдықпен азық-түлік қораларын сыйға тартты. Өйткені, балалар — біздің болашағымыз, олар бізден жылулық пен қамқорлық күтеді. «Мыңның біріне бергенше, баланың біріне бер» дегендей, әр баланың қуанышты жүздерін көрудің өзі бақыт. Бүгінгі қайырымдылық акциясы олардың жүректеріне үміт сәулесін шашып, өмірлеріне қуаныш пен мейірім сыйлайды деп сенеміз. Бұл бастаманың да өзгелерге үлгі болары анық. Қорыта айтқанда, Рамазан айы – бұл

тек діни ғибадат жасау ғана емес, сонымен қатар адамзаттың рухани тазаруына, өзімізді жетілдіруге, жақсылық жасауға және өмірдегі ең маңызды мақсаттарымызға жетуге ұмтылатын ай. Алла Тағала тілеген дұғаларымызды қабыл етсін, мейірімін жауып, иманы-

мызды күшейтсін! Сауабы мол Ораза айы құтты болсын!

Н. ТІЛЕУБАЕВ, Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ басшысының орынбасары.



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН – ИЗ ПОЧТЫ РЕДАКЦИИ

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесу

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша кездесу өз мәресіне жетті.

Қазіргі уақытта діни экстремизм мен терроризмнің таралуының өсіп келе жатқан сын-қатерлері халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығын тудырады. Діни экстремизм кең таралған әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қоғам өмірінің әр саласына өзінің кері әсерін тигізуімен ерекшеленуде. Әсіресе, бұл мәселе жастар арасында үлкен қауіп төндіруде.

Кездесу барысында зайырлы мемлекет ұғымдары, экстремизм және терроризм, деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі туралы айтылып, сұрақ-жауап форматында әңгіме өрбіді.

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы.



Өнер - қанатым, білім - болашағым

«Білім мен өнер-егіз» деген қанатты сөз бар халқымызда. Мектебімізде осылай өнер мен білімді қатар ұштастырып жрген шәкірттеріміздің бірі - 9-сынып оқушысы Нұрберген Нағашбайұлы. Мектеп табалдырығын аттағалы бері

«үздіктердің» қатарынан табылып жүрген оқушы түрлі іс-шараларға да белсенді қатысады. Жергілікті айтты ақыны Елеш Хавылханұлының «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінде бірнеше жыл тәрбиеленген Нұрберген өлең жазу, домбыра тартып, ән айтуды үйренді. Топтың құрамында аудандық, облыстық мүшайра, көркемөнерпаздар байқауларында көрермендермен өнерімен бөлісті.

Өлең-жыр, сөз өнері табиғатына жақын шәкіртіміз қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен өткізіліп жүрген байқауларда біршама жетістіктерге жетіп жүр. 2023-2024 оқу жылында республикалық «Бала би» жас ақындар байқауының облыстық кезеңінде Нұрберген Нағашбайұлы мен Нұргиса Елешұлынан құрылған «Хансарай» тобы жүлделі 2-орынға ие болды. «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде «Сөз шеберлері» номинациясы бойынша 1-орынды иеленді. Қазақ тілі пәнінен өткізілген республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 2-орынға ие болды. Сондай-ақ «Сапсан» олимпиадасының республикалық кезеңінде 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2023-

2024 оқу жылы «Жарқын болашақ» («Сөз шеберлері» аталымы) олимпиадасының 2-орын иегері болды. «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. 2024-2025 оқу жылында да осы үрдіс жалғасын тауып келеді. Бірнеше байқауларға қатысып, бағын сынаған жас өнерпаз «Ақберен», «Илияс Жансүгіров оқулары» байқауларында сертификатқа ие болып, Қанипа Бітібаева атындағы облыстық олимпиаданың аудандық кезеңінде 3-орынды иеленді. Жуырда ғана өткен республикалық «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» байқауының «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» аталымының аудандық кезеңінде 1-орын иеленген жас ақын облыстық кезеңде де «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, республикалық кезеңге жолдама алды. Нұрбергеннің алдағы уақытта да шабыты сарқылмай, жаңа белестерді бағындырып, болашағының жарқын да нұрлы болуына тілектеспін.

М. РАХИМОВА, Қараөзек ауылының ЖОББМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.



Елге қызмет ететін жас маман

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы «Елге қызмет - абыройлы міндет» жобасы аясында, Бұланды ауданы Макинск қаласының № 8 мамандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші қызметкері Сайлаубаев Тахир Жанатұлымен сұхбат өткізілді.

Сұхбат барысында жас маман өзінің құтқару саласына қалай келгенін баяндап, қызметінің негізгі бағыттарына тоқталды.

Бұланды ауданының жастар ресурстық орталығы.



Нәзік жандыларды мерекемен құттықтады

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай қала тұрғындарының нәзік жандыларын құттықтап, гүл сыйлады.



Әйелдер қауымы - табиғатынан кішіпейілділіктің, адамгершіліктің және мейірімділіктің айнасы. Сондықтан, ол бүкіл қоғамның арқауы ретінде келісім мен тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді.

Мереке иелеріне гүл сыйлаған жастар мерекемен құттықтап, жүрекжарды ақ тілектер арнады.

Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.

Поддержка, развитие, мотивация и обучение

Об искусственном интеллекте сегодня говорят повсюду. Неудивительно, ведь нейросети с каждым днем становятся умнее и функциональнее. А его внедрение и использование преимуществ в образовании - шаг, продиктованный временем.

Интеллект позволяет существенно повысить эффективность системы образования, персонализировать процесс обучения в соответствии с индивидуальными потребностями учащихся, существенно снизить административную нагрузку на преподава-

телей. При этом можно персонализировать обучение и обеспечить формативное оценивание на совершенно новом уровне. Одним словом, новшество в мире высоких технологий открывает перед педагогами, которые являются разносторонними личностями, массу новых горизонтов для профессионального развития.

Инструменты искусственного интеллекта в классе могут оказать значительное положительное влияние не только на ученика, но и на учителя. В традиционном классе учитель часами планирую-

ет уроки, следит за тем, чтобы все потребности учащихся были удовлетворены, выставляет оценки и дает им обратную связь, но при этом находит время для полноценного преподавания.

Благодаря внедрению искусственного интеллекта в школы учителя теперь могут направлять большую часть своей энергии на проведение высококачественных уроков, поскольку им оказывается поддержка в тех областях, где раньше их оставляли наедине с собой.

Нейросети помогают преподавателям находить учебный мате-

риал, придумывать темы для занятий и предоставляют ещё множество возможностей использования. Вот плюсы использования искусственного интеллекта в образовании: поддержка в учёбе; развитие навыков, в том числе языковых, математических и творческих; мотивация и интерес за счет игрового похода и достижений; социальная интеракция в формате диалога и общения; обратная связь; обучение на примерах путем проведения этических и социальных уроков; развитие критического мышления, которая помогает

ребёнку анализировать информацию, проверять факты и развивать критическое мышление.

Таким образом, можно прийти к выводу, что искусственный интеллект, как и все новшества в технологиях имеет свои преимущества и недостатки, однако, следует отметить, что внедрение ИИ в процесс обучения может стать более активным, так как будут развиваться технологии.

А. ТУЛЕБАЕВ, учитель информатики основной средней школы села Акжайық.

Туберкулез туралы не білу керек?

Бұрын «құрт ауруы» деп аталған туберкулез қаншама адам өмірін қиды! Оның салдарынан қыршын кеткен адам саны соғыстың әсерінен қаза болған адам санынан көп десе болады. Шоқан Уәлиханов, Чехов, Шопен, Байрон сияқты ұлы адамдардың өмірін әкеткен бұл ауру қаншама мемлекет үшін қауіпті дерт атанды. Алайда бүгінгі күні де туберкулез – әлем бойынша кең тараған ауру. Және де адамзат денсаулығына үлкен қауіп-қатер төндіруде.

Туберкулез – туберкулез бактерияларының немесе Кох бактериясының адам ағзасына түскенде дамиды қауіпті жұқпалы ауру (туберкулездің қоздырғышы 1882 жылы Роберт Кохпен ашылған).

Туберкулез бактериялары қоршаған ортаға өте бейімді, олар қышқылды-спиртті-сілтіге тұрақты, ұзақ уақытқа өміршеңдігін жоймайды.

Жұқпаның негізгі көзі ауру адам және де кей жағдайда ірі қара мал (сыыр) бола алады. Жұқпалы ауру жиі (95%) белсенді формалы туберкулезі бар ауру адамнан

ауа тамшылары (ауадағы шаң) жолдары (азрогенді) арқылы беріледі. Ал кейде туберкулезбен ауыратын сыыр сүтін қайнатпай пайдаланған жағдайда алиментарлы жолмен жұғады.

Әңгімелескен кезде, жөтелгенде, түшкіргенде бактериялар ауаға шығып, ауа арқылы адамдарға сіңеді. Тәулік ішінде ашық формалы туберкулезбен ауыратын ауру 1 млрд микроорганизмге дейін бөліп шығарады. Осындай ауру адам ұзақ уақыт бойы желдетілмеген бөлмеде болса, онда ауадағы бактериялар өте көбейіп, айналадағы адамдар жұта бастайды. Имунитеті жоғары адам туберкулездің бактерияларын жұта отырып, ауырмайды десе де болады, тек қана ауру жұғады. Себебі, имунды жүйе оны аурудың дамуынан сақтайды. Инфекция ағзада болғанымен, ауа барлық адамдарға ортақ болғандықтан, айналадағы адамдарға жұғады.

Туберкулез бактерияларын тасымалдаушылардың оннан бірінде ертелі-кеш «ұйқыдағы» инфекция белсенді кезеңге өтеді, яғни, ауру дамиды. Бұған әкеп соқтыратын негізгі факторлар уақтылы, толыққанды тамақтанбау, авитаминоз, өмірдегі тұрақсыздық, дұрыс орнықтау,

тұратын жердің қанағаттандырылғысыз жағдайы, жиі стресс, созылмалы аурулар, қант диабетінің, ПИЖС (СПИД), алкоголизм мен есірткінің салдарынан имунитеттің төмендеуі болып табылады.

Белсенді туберкулезбен ауыратын 1 ауру 1 жыл ішінде ауруды 10-15 адамға жұқтырады

Ауру негізінен желдетілмейтін тар бөлмелерде тез жұғады. Сондықтан да аурудың алдын алудың басты әдістерінің бірі бөлмені жиі желдетіп тұру болып табылады.

Әр адам туберкулездің белгілерін білу керек!

Туберкулездің негізгі белгілері: **2 аптадан артық жөтелу**; қан түкіру; жалпы әлсіздік; тәбет пен салмақтың төмендеуі; ара-тұра дене температурасының төмендеуі; тершеңдік; кеуде жасушаларындағы аурушылық; демнің жетіспеуі.

Аурудың алдын-алуында оны дер кезінде анықтау үлкен рөл атқарады.

Қазіргі таңдағы туберкулезді анықтаудың тиімді әдістері: 1) Бактериоскопиялық әдіс; 2) Флюорография; 3) Балаларға жасалатын Манту сынамаасы.

Жыл сайын адамдарға жүргізілетін флюорографиялық зерттеу туберкулезді

ерте анықтауға мүмкіндік береді. Аурудың белгілері көрініс тапқан кездің өзінде ауру адам дәрігерге көрінбейді. Сондықтан да, флюорографиядан өтуден қашпау керек. Жөтелге шағымданған кезде микроскоп арқылы ауру адамның қақырығын зерттейді. Қоршаған ортаға қауіпті жұқпалы ауруларды анықтауға мүмкіндік беру – бұл әдістің артықшылығы болып табылады. Манту сынамаасын аурудың жұққандығын және ауруды анықтау үшін «қауіп-қатер» тобындағы балаларға салады.

Туберкулездің спецификалық алдын-алу БЦЖ вакцинасы перзентханада баланың 1-4 күндерінде енгізіледі. Келесі ревакцинация 6-7 жаста жасалады. Бұлар өз кезегінде аурудың дамуы мен туберкулездің асқынуы мен таралуын тежейді.

Уақтылы анықталып, дер кезінде емдеу басталғанда туберкулез емделетіндігін есте сақтаған жөн. Әйтпегенде, кеш анықталса, өлімге әкеп соқтыруы да әбден мүмкін.

1998 жылдан бастап туберкулезге қарсы күрес Президенттің қаулысымен біздің республикада жалпы мемлекеттік мәні бар міндетке айналды.

Туберкулез ауруын емдеу – тегін, кешенді, стационарларда 2-4 ай көлемінде жүргізіліп, кейін стационарларда немесе

қатаң бақыланатын емханаларда емделеді. Емдеу үшін ең маңыздысы – туберкулезге қарсы препараттарды жүйелі қабылдау, толыққанды тамақтану тәртібін сақтау керек. Туберкулезбен ауырған адам міндетті түрде туберкулезге қарсы мекемелерде емделу тиіс. Өзін-өзі емдеу немесе емшілерге барып емделу ауруды табудың жолын кешіктіреді.

Осылайша, туберкулез – әлемде ең көп таралған жұқпалы аурудың бірі.

Туберкулезді жұқтыру қауіп өте жоғары. Сау адамдар туберкулез олардың проблемасы емес деп санамау керек. Себебі, туберкулез – біздің қоғамның проблемасы. Сондықтан, әр адам күнделікті өмірде туберкулездің алдын алу мәселелерін білсе туберкулездің өсуі мен таралуын тоқтату мүмкін болады.

Өзіңді қауіптен сақтау үшін ретті түрде флюорографиялық тексерулерден өту қажет. Бұл тексеру ауруды дер кезінде анықтауға және де емді уақтылы бастауға мүмкіндік береді. Аурудың белгілері анықталғаннан соң дәрігерге қаралып, салауатты өмір салтын ұстану қажет.

С. НУРҒАЛИЕВА, Бұланды аудандық ауруханасының туберкулезге қарсы кабинетінің мейірбикесі.

АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған аса маңызды стратегиялық басымдығы ретінде танылды. Бүгінгі таңда еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күштері бұл келеңсіз құбылысқа қарсы тұрудың ашықтық, жариялылық және қоғам алдындағы есеп берушілік қағидаттарына негізделген жаңа тәсілдерін қолдануда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жаңартылған заңнамасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың жаңа бағыттарын айқындайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бұрын тек қана жазалау шаралары қолданылса,

бүгінде оның себептері мен жағдайларына баса назар аударылды. Алдыңғы қатарда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықтық нигилизмді жою тұр.

Негізгі бағыттардың бірі – қазақстандықтардың тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымы мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыру.

Жаңартылған марапаттау жүйесіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған азаматтар сараланған сыйақы мөлшерін ала алады. Мұндай жүйе қазірдің өзінде бірқатар шет елдерде жұмыс істейді. Бүгінде сыбайлас жемқорлық қылмысы туралы хабарлаған адам соттылығы шыққаннан кейін пара сомасының 10 пайызын ала алады.

Дегенмен, азаматтар бұл фактілерді тек ақша үшін емес, патриоттық ұстаным тұрғысынан да хабарлауы керек. Бұл әркімнің нормасы мен азаматтық ұстанымына айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды егжей-тегжейлі зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу қажет.

Сонымен қатар, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке деген қоғамдық сенімін нығайту бойынша тәрбие жұмысының ауқымын кеңейту қажеттілігі туындап отыр.

М. ҚУАНДЫҚОВ, Бұланды аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

Европротокол и его преимущества

С 1 января 2024 года при незначительных дорожно транспортных происшествиях в Казахстане водители оформляют страховой случай в упрощенном порядке без вызова полиции и постановления суда.

Европротокол – это упрощенный порядок получения страховой выплаты по обязательному автострахованию, который позволяет получить страховые выплаты дистанционно и оперативно, без привлечения сотрудников дорожной полиции. Хотелось бы сразу пояснить, что Европротокол можно оформить не во всех случаях, поскольку есть определенные нюансы, при которых можно его оформить. Так Европротокол можно оформить, если: в ДТП участвуют: – только два транспортных средства (виновная сторона и пострадавший); – у участников ДТП есть действующая страховка: обязательное страхование гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств; – в результате ДТП вред причинен только транспортным средствам участников ДТП (отсутствуют потерпевшие, которым причинен вред жизни и здоровью, не пострадало имущество третьих лиц); – у участников ДТП отсутствуют разногласия по поводу того, кто является виновной стороной, а кто пострадавшей; – предельная сумма ущерба составляет до ста МРП. Один МРП составляет в 2025 году 3 932 тенге, а сто МРП – это 393 200 тенге.

Кроме того, хотелось остановиться на положительных моментах по составлению Европротокола. Во-первых, это оперативность. Страховые выплаты осуществляются в течение пяти-десяти дней, в зависимости от того, полный пакет документов предоставили участники ДТП или нет. Во-вторых, если дело поступает в суд, соответственно виновное лицо будет привлечено к административной ответственности ч. 1 ст. 610 КоАП.

В завершение хотелось бы призвать водителей, которые попадают в ДТП, если они соответствуют вышеназванным требованиям, составлять Европротокол сразу на месте ДТП, что позволит им сэкономить время и денежные средства.

В. ШЕВЧУК, главный специалист Буландынского районного суда.

«Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы

Көліктегі полиция департаментінің нұсқауына сәйкес Көкшетау станциясы Желілік полиция бөліміне қарасты қарауындағы аумақта 2025 жылғы 18-20 наурыз аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты - қоғамдық орындарда қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу, қару-жарақтың, оқ-дәрілердің және басқа да тыйым салынған заттардың заңсыз айналымы фактілерін анықтау, темір жол және әуе көлігі объектілерін қарау кезеңінде көші-қон ережесін бұзу фактілерін анықтау, ұсақ бұзақылық, аз мөлшердегі есірткі заттарын пайдалану, тасымалдау фактілерін анықтау.

Е. МАЛҒАЖДАРОВ, Көкшетау ст. ЖПБ ӘПБ бастығының м.а. полиция майоры.



Мемлекеттік қызметтер туралы

Ақмола облысы «Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының ауылдық округ аумағында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органы болып табылады.

«Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік органы 6 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. Мемлекеттік меншіктегі, конкурстарды (аукциондарды) талап етпейтін жер учаскелеріне құқықтарды сатып алу
2. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім шығару
3. Қаланың немесе ауылдың жерінен жер учаскесін беру
4. Жер учаскесін жеке меншікке бір уақытта немесе бөліп-бөліп сату
5. Жер телімін алу үшін кезекке тұру

6. Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту

Сізді қызықтыратын сұрақтар бойынша Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің мемлекеттік аппаратына 35-3-83 телефоны, bul_aman@aqmola.gov.kz электронды поштасына хабарласуға болады.

Қ. КАРИМОВА, «Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Сибирская язва животных

Это острая инфекционная болезнь животных и человека, характеризующая септицемией, поражением кожи (карбункулезная форма), кишечника, легких, миндалин (висцеральная форма).

К сибирской язве более восприимчивы КРС, овцы, козы, лошади, олени, верблюды, буйволы, менее восприимчивы свиньи. Поражаются также дикие копытные. Возбудителя выделяют от свободноживущих грызунов. Собаки, кошки и дикие плотоядные малочувствительны и заболевают только при заражении их большими дозами. Источником возбудителя инфекции являются больные животные, из организма которых микробы выделяются во внешнюю среду с калом, мочой и слюной. Факторы передачи – объекты внешней среды, обсемененные бактериями сибирской язви. Особенно опасны трупы павших животных от сибирской язви, а также кожа, шерсть, щетина, кости, рога этих животных. Вскрытие трупа способствует длительному инфицированию почвы и окружающих предметов спорами. Животные чаще заболевают при пастбище на территории, где ранее находились скотомогильники, при производстве земляных работ на участке. Основной путь заражения – алиментарный, чаще с кормами и реже с водой. Возможен трансмиссивный и аэрогенный пути заражения. Особое внимание следует обращать на инфицированные корма животного происхождения.

Течение и симптомы. Инкубационный период от 1-3 суток. Различают 2 основные формы болезни – септицемической и карбункулезную; по локализации процесса – кожную, кишечную, легочную и тонзиллярную (ангинозную) формы. Сибирская язва протекает молниеносно (сверхостро), остро и подостро, а также хронически и abortивно. При молниеносном течении, которое реги-

стрируют у овец и КРС, отмечают возбуждение, повышение температуры тела. Учащение пульса и дыхания, синюшность видимых слизистых оболочек. Животное внезапно падает и в судорогах погибает. Длительность болезни от нескольких минут до нескольких часов. При остром течении, которое характерно для КРС и лошадей, наблюдают повышение температуры тела до 42°C, угнетение, отказ от корма, прекращение или резкое сокращение лактации у лактирующих коров, дрожь, нарушение сердечной деятельности, синюшность видимых слизистых оболочек, на конъюнктиве – точечные кровоизлияния. У КРС отмечают признаки тимпани, у лошадей – колики. У беременных возможно аборт. Длительность болезни 2-3 суток. Подострое течение характеризуется теми же клиническими признаками и отличается лишь сроком болезни, который затягивается до 6-8 суток. Острое и подострое течение кончаются гибелью животного. Хроническое течение проявляется прогрессирующим исхуданием, инфильтратами под нижней челюстью и поражением подчелюстных и заглочных лимфатических узлов. Болезнь при этом длится 2-3 месяца. На месте первичного внедрения возбудителя или в других участках тела в начале появляется резко очерченный, твердый, болезненный отек кожи и подкожной клетчатки. Затем приобретает вид диффузной, тестообразной, холодной и безболезненной припухлости, центр которой некротизируется. Далее возникает язва. Кишечная форма сопровождается высокой температурой и растрептыванием деятельности желудочно-кишечного тракта. Легочная форма встречается редко. В отличие от других видов животных, у свиней сибирская язва протекает в виде ангины. Воспаление в области глотки сопровождается опуханием шеи. Глотание и

дыхание при этом затрудняется, появляется кашель, сопение. Нередко у свиней наличие болезни обнаруживается лишь при послеубойном осмотре туши.

Патология. Вскрытие трупов животных подозрительных по заболеванию сибирской язви, а тем более павших от этой болезни, категорически воспрещается. Труп вздут, окоченение отсутствует или слабо выражено, из естественных отверстий – кровавистое истечение. На коже – тестоватые припухлости. Кровь темная, несвертывающаяся.

Диагноз ставят на основании эпизоотологических и клинических данных, а также результатов лабораторных исследований. Лечение применяют гипериммунную противосибирезвенную сыворотку, гамма-глобулин, антибиотики, местную противовоспалительную терапию.

Профилактика. Профилактические мероприятия состоят в выявлении, учете и обеззараживании мест захоронения сибирезвенных трупов, поголовной ежегодной вакцинации животных. При возникновении сибирской язви больных и подозрительных по заболеванию животных, изолируют, проводят вакцинацию всех остальных животных, трупы немедленно сжигают, проводят тщательную уборку и дезинфекцию помещений и территории.

Сибирская язва человека. Заражение человека происходит - при уходе за больными животными, при обработке сырых животноводческих продуктов и сырья, в особенности кожевенного, шерсти; при уборке трупов; употреблении в пищу мяса и молока больных животных.

Телефон для справок 2-16-90, 2-11-14.

Представители ГУ «Управление ветеринарии» на территории Буландынского района.

Жоғары зардапты құс тұмауы

Жоғары зардапты құс тұмауы (Highly pathogenic avian influenza) - аса қауіпті, жіті түрде өтетін жоғары зардапты, тыныс алу, асқырту органдары мүшелерінің, орталық нерв жүйесінің зақымдалуымен және жоғары өліммен сипатталады.

Ауруға үй құстарының барлық түрі, синантропты және жабайы құстар бейім.

Қоздырғышы - Orthomyxoviridae тұқымдастығына жататын вирус, Influenzaviruz түрі, А типі. Тұмау вирусының А типінің сыртқы гемагглютининді белогі бойынша - 15, нейраминидаза бойынша - 9 түрлері бар. Өте жиі жоғары зардапты категорияға вирустың гемагглютининді H₅ және H₇, сероварианттары жатады.

Ауруға адамның денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді. Индет қоздырғышының көзі - ауру құстар, олардың секреттер мен экскреттер арқылы көптеген мөлшерде вирус бөлініп шығады.

Ауру аэрогендік, алиментарлық, трансвариалдық жолмен жұғады. Құс тұмауы үй құстарында өлім көрсеткіші жоғары (100 % дейін), жіті түрде өтеді. Жабайы суда жүзетін құстар құс тұмауымен жеңіл немесе субклиникалық формада ауырады және олар тұмау вирусының табиғи резервуары болып саналады.

Құстардың Ньюкасла ауруы (жалған оба) - жіті өтетін және тез таралатын ауру, тыныс алу, ішек-қарын жолы органдарының және орталық нерв жүйесінің бұзылуымен сипатталып, құстардың жаппай өлімін туғызады. Иммунитеті әлсіреген вакцинацияланған құстарда аурудың айқын және патологиялық-анатомиялық белгілері көрінбеуі мүмкін.

Ауруға тауық отрядтарының барлық үй және жабайы құстары шалдыққыш келеді (тауықтар, цесаркалар, түйе құстар, фазандар, павлиндер).

Ауру қоздырғышы - парамиксовирустар туыстығына жататын вирус.

Индеттің көзі ауру құстар және аурудың инкубациялық кезеңіндегі жұқтырып алған құстар (жасырын кезең), ауру 3 күннен 7 күн аралығына созылуы мүмкін, (кейде 10 күнге дейін). Ауру құстар сыртқы ортаға негізінен мұрыннан бөлінген сұйықпен және нәжісімен вирус бөледі.

Ауру қоздырғышының көзі ауру құстардан алынған залалсыздандырылмаған құс өнімдері және шикізаттары болуы мүмкін (жұмыртқа, ет, мамық-түк, қауырсын), немесе ауру құстардың бөлінулерімен ластанған азық, су, құралдар, қызмет етуші кісілердің киімі және аяқ киімі, кәсіп заттары және ауру қоздырғышы оларда ұзақ уақыт сақталуына қабілетті.

Қандай да бір сұрақ болса ҚР АШМ ВБЖҚ Бұланды ААИ- на 2-15-09 телефоны, не болмаса Яглинский к., 42 үй мекен-жайына келіп толық ақпарат алуларыңызға болады.